

**«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Орынбеков Нұрлан Аманғазыұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алаудағы діни білімнің ролі: қазақстандық тәжірибе» тақырыбындағы диссертация жұмысына рееми рецензенттің**

#### **СЫН-ПІКІРІ**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Рееми рецензенттің ұстанымы
1.	Dиссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымиң даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымиң даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамда жаңғыруту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация тақырыбы томендегі мемлекеттік бағдарламалар және заңдармен, стратегиялық құжаттармен байланысты:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азаматтық кодекс және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандығы № 483-IV ҚР Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасының 26.06.1998 ж. «Ұлттық қауіпсіздік туралы» № 233-13 Заны (1, 2, 7, 8, 17, 25 бапттар);</li> <li>3. Қазақстан Республикасы Президенті К. К. Тоқаевтың 2021 жылғы 6 қаңтардағы «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласы;</li> <li>4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрактылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</li> <li>5. ҚР Президенті К. К. Тоқаевтың 2023 жылы наурыз айында мемлекеттік орган басшыларымен откізген жындығы</li> </ol>

			<p style="text-align: center;">сөзі</p> <p>6. Мемлекет басшысы 15 наурыз 2024 жылы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үлттық құрылтайдағы I отырысында сойлекен сөзі.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жаңындагы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету)</p>	<p>«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дарежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен каржыландырылған докторантурда аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация накты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаган.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындагы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Элеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.</p>
2.	Ғылымга маңыздылығы	Жұмыс ғылымга елеулі үлесін <u>косады/көспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган</u>	<p>Казіргі кезеңдегі оте күрделі, озекті мәселелердің бірі экстремизм мен терроризмінің дінмен байланыстырылуы. Зерттеу жұмысында автор осы мәселенің шешімін діни блім беру деп қазақстандық тәжірибе тұргысында негіздейді. Зерттеуде жасалған ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстардың ғылымға қосар үлесінің елеулі екені айқын.</p> <p>Зерттеудің жоспар-құрылымы, жүйелі мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық маңыздылығы осындағы түйінге негіз бола алады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар, озектілігі, нақтылығы, шынайылығы, байыртылығымен дәйектелген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссертация жұмысының мазмұнына, ғылыми тіліне, ғылыми тұжырымдарына қарап, салыстырмалар талдаулар мен жасалған топтамалар ізденүшінің жоғары деңгейде ғылыми тілді менгергенін корсетеді Зерттеу тақырыбы бойынша жарық</p>

		4) озі жазбаган	корген шетелдік авторлардың ойларын қазак тіліне аударып, оларды жүйелі түрде басқа авторлардың көзқарасымен салыстыруда зерттеушиңің өзіндік стилі байқалады. Такырыптың ерекшелігіне байланысты колданылатын негізгі ұғымдар мен категорияларға дінтанушылармен коса, философтардың, заңгерлердің, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, психологтардың берген анықтамаларының көп болуы зерттеу барысын біраз күрделендірген. Бірақ, зерттеуші өзінің зерттеу нысанына сай анықтамалар мен тұжырымдарды жинақтап, сараптамадан откізе білген. Диссертацияның әр тарауында жасалған корытындылар жағарығының жазу деңгейін далелдейді
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация озектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбында көтерілген мәселелер бойынша ғылымда біраз зерттеудің болғанын ескере отырып, зерттеуші өзінің тақырыбының озектілігін жеткілікті және жан-жакты негіздей білген. Автор Қазақстандағы діни экстремизм коріністерін түрлі мұсылмандық бағыттармен байланыстырады. Дәстүрлі емес, исламдың діни ағымдардың әр түрлі анық және айқын емес мемлекеттік карының принциптерін зерттеу қажеттілігі, олардың қогамда әсіресе, жастар арасында радикалды идеология таратуладының алдын алу үшін ауқымды агартушылық және үтіт-насиҳат жұмыстарын жүргізу керектігі негізделеді. Диссертациялық зерттеу тақырыбының озектілігі оның маңызды мемлекеттік бағдарламалар және заңдармен, стратегиялық құжаттармен байланысы арқылы айқындала түседі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) <b>айқындауды;</b> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындауды.	Экстремизм мен терроризмнің діндегі коріністері, қазіргі кезеңде діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері мен формалары және олардың казақстандық қогамда орын алу мүмкіндіктері мен тенденциялары жұмыстың бірінші тарауында қарастырылады. Екінші тарауда діни білімнің экстремизм мен терроризмнің

		<p>алдын алу жолындағы маңызын әлемдік және қазақстандық тәжірибе негізінде көрсетіледі. Екі тарау толығымен диссертация мазмұнын айқындайды және өзара байланысты, біртұтастықты құрайды. Зерттеудегі өзекті ойды, негізгі міндеттерді шешуге, байыптауга, нәтижесінде салмақты ғылыми тұжырымдар жасауга мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Ізденісте қазақстандық діни білім беру тәжірибесін талдау арқылы экстремизм мен терроризмнің алдын алушының діни білімнің ролін айқындау мақсаты және оған сәйкес келетін, койылған алты міндет толыктай сараланған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- діни экстремизм мен терроризм мәселенің теориялық-әдіснамалық қагидаттарын көрсету;</li> <li>- қазіргі радикалдық діни бағыттардың қалыптасу себептері мен факторларына дінтанулық-феноменологиялық талдау беру;</li> <li>- діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық қоғамда орын алуының себептері мен үздістерін анықтау;</li> <li>- экстремизм мен терроризмнің алдын алушының діни білімнің роліне қатысты концепцияларларды салыстырмалы талдау;</li> <li>- экстремизм мен терроризмге карсы Қазақстандағы исламдық білімнің қалыптасу тарихын көрсету;</li> <li>- экстремизм мен терроризмнің алдын алушының Қазақстандағы ислами діни білімнің тәжірибесін бағалау.</li> </ul>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық болімдері мен құрылымы логикалық байланыскан:</p> <p>1) толық байланыскан;</p> <p>2) жартылай байланыскан;</p> <p>3) байланыс жок.</p>	<p>Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығы сакталған. Диссертация жұмысының мазмұнына орай барлық болімдері мен логикалық құрылымы нақты көлтірілген. Барлық қагидалар мен ғылыми нәтижелер өзара сабактастықта логикалық түргыда негізделген. Диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан тұрады, алты болімшелерге болінген, корытындыдан, әдебиеттер тізімінен</p>

			<p>тұралы және олар арнайы талаптарға сәйкес рәсімделіп, негізделген. Диссертацияның жоспары тақырыптың мәні мен маңызын толық ашады. Әрбір ғылыми тұжырым бір-бірімен тығыз байланысты. Диссертацияның негізгі мәселесі діни экстремизмің алдын алу шараларының бірі ретіндегі діни білімнің рөліне жан-жақты дінтанулық талдау жасалған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес күрылған, зерттеу мақсатына сай жүйелі пайымдаған тұжырымдар жасалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыны талдау бар;</b>  <b>2) талдау жартылай жүргізілген;</b>  <b>3) талдау өз тікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</b></p>	<p>Жұмыста автор ұсынған жаңа тұжырымдар жеткілікті дәлелденіп, осы зерттеуге дейінгі ғылымда жасалған белгілі ойлалармен салыстырмалы талдаулар жасалынады. Шетелдік тәжірибе бойынша жазылған Александр И., Максвелл С., Марсепп А.Дж., Пост Дж., Жижек С. О., Чаликова В. Будницкий О.В. тағы басқа галымдардың көзқарастары Сатпаев Д. Бишиманов К.М., Косиченко А.Г., Карин Е. , Байтепекова Н.Ж., Борбасова К.М., Затекаева К.А., Сатершинов Б.М. сияқты қазақстандық галымдардың қазақстандық қоғамдағы діни экстремизм себептері, көріністері және олардың алдын алу туралы ой –тұжырымдары салыстырылады. Салыстыру барысында мәселе бойынша автор кейбір шетелдік тәжірибеден үлгі алушы ұсына, кейбір мәселеде қазақстандық қоғамның ерекшелігін ескере отырып, мәселенің шешіміне қатысты озіндік ұсыныстар берे билген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;      2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертация тақырыбындағы экстремизм мәселесіне қатысты шетелдік және отандық ғылымда зерттеулер бар және олардағы ғылыми нәтижелері мен қагидаттар жұмыста жан-жақты талдауга түседі. Олардың бағытына қарай топтамаланып, саралтама беріледі. Зерттеудегі түркі ойшылдары А. Иассауи, Ж. Баласагұн, А. Иүгінеки, С. Бақыргани және ислам ілімін таратушы Эбу Ханифа, Матуриди т.б. діни тарихи тұлғалардың мұраларындағы гуманистік идеяларды қазіргі заманның әлеуметтік практикасына бейімдеу, олардың қоғамдық қатынастарды үйлесімдендірудегі, болашакқа қызмет етудегі перспективаларын айқындау толығымен жаңа қагидат</p>

			<p>ретінде бағалауга болады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына койған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында посттоталитарлық қогамдагы жаңа діни білім беру жүйесін қалыптастыру бойынша бірнеше жаңа ұсыныстар жасайды. Рухани тәрбие берумен коса, зайырлы дінтанулық білімді жетілдіру Қазақстан қоғамының үлптық қауіпсіздігін сактаудың алдын алу шараларына кіретін мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде анықталған, дәйектейді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</b></p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</b></p>	<p>Диссертацияның корытындылардың кейбіреулерінде осыған дейін тақырып бойынша зерттелген жұмыстарда жасалған корытындыларға үксастық кездеседі. Бірақ жалпылай алғанда жұмыстарға жасалған корытындылар толығымен жаңа. Жеткілікті талдауларға негізделген. Ізденушінің дәйектелеп ері тұжырымдаған корытындысының деңгейі жоғары. Гылыми корытындының деңгейі диссертацияның негізгі кагидалары мен жаңалықтарына жауап береді.</p> <p>Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны элеуметтік-гуманитарлық гылым бағытында орындалған. Әйтсе де, экстремизм мен терроризмнің алдын алушады мәселелер еліміздегі техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы бар. Ізденушінің гылыми нағызжелерін, корытындыларын сліміздегі қазіргі діни ахуал және діни қауіпсіздік мәселелерінің үйлесімді шешімін табуга, осы бағыттагы басқару шешімдеріне қатысты, сонымен бірге үлптық мұддеге кайшы келетін деструктивті діни ағымдардың ұстанындарын дәл анықтап, сырттан ағылған сенімдер мен жергілікті рухани дәстүрлер қактығысының қүшесіне жол бермеу тұрғысындағы шешімдердің гылыми арқауын нығайта түсуде колданууга болады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p><b>Барлық корытындылар гылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және онертану және гуманитарлық</b></p>	<p>Диссертация жұмысының әр тарауынының аяғында қомакты корытындылар жасалған және тараушалардың болімдерінің соңында да талдаулар негізінде гылыми тұжырымдар берілген. Барлық корытындылардың гылыми дәлелдері жеткілікті негізделген. Әйтсе де жұмыста автордың бірнеше жерде</p>

		багыттары бойынша)	ерекше ойлар айтады, бірақ оны орбітіп дәлелдемейді. Мысалы (50 бетте) Фуллер Грехемге сілтеме жасайды: « Ислами козгалыстар модернизация мен орныкты дамуға да шакыра алады», деген ойына ешкандай дәлел көлтірмей, мәселені ары қарай орбіте береді. Тагы бір мысал: радикалдың коніл-куйдегі адамдарды топтамалап жазғанда «... Олар өз реттерінде экстремистерге, сепаратистерге болініп, кебінде діндер арасындағы текестірес ретінде корініс беруде» (52 бет) деген ойды да діндер арасындағы соғыстарды атап айттып дәлелдеуге болады
7.	Коргауга шыгарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді мे?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбейі;</p> <p>4) дәлелденбейі.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кеп.</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p>	<p>7.1 Негізгі қагидаттар <b>толық дәлелденген</b>. Ізденіс ауқымында автор тарағынан <b>6</b> қагидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтаскан.</p> <p>7.2 Әр қагидат <b>тривиалды емес</b> саналады. Ізденуші қагидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.</p> <p>7.3 Мейлінше жаңа. Экстремизм мен терроризмнің алдын алуадагы қазақстандық діни білім беру тәжірибесі бойынша аринайы зерттелген жұмыс болған жок, сондыктан да зерттеудің нәтижелерінің барлығы жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4 <b>Қолдану деңгейі кеп</b>. Жұмыстың ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында: дінтанумен коса, философия, қызықтану, әлеуметтану, саясаттану, психология багыттары пәндерін оқытуда және мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік шараларында, құзырлы органдардың қызметі ауқымында көзінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірбелік конференцияларда 7 ғылыми макала жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Terrorism as a Unity of Destructive Ideology and its influence on Theology» (Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 104, Issue 5 - (2023) p. 1-11) 1 макала, шетелдік, халықаралық</p>

			конференция жинағында 1 макала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 2 макала, ҚР Гылым және Жогары білім министрлігі білім және ғылым саласындағы басылау комитеті (БГСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 макала жарияланған. Жарияланған макалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама накты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	Жұмыста қолданылған әдіснама накты, дәлелді. Ізденуші тақырыптың мазмұнын ашу үшін «Экстремизм мен терроризмге карсы құрестегі діни білімнің ролі» атты арнайы зерттеу жүргізген. Зерттеуге апкеталық сұрау әдісі пайдаланылып, 200 респонденттен анкета түрдегі сауалнама альянған. Зерттеу іріктеуі кездейсок іріктеу әдісі бойынша жүзеге асырылған. Зерттеудің теориялық негізін теренін камтылатын сұхбат пен фокус топтарда колданылатын салыстырмалы-функционалды әдіс, сауалнама, бақылау, сұхбат алу әдісі күрайды.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының інтижелері компьтерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялай әдістемелерін пайдалана отырып альянған:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	Иә. Диссертация жұмысының інтижелерінің компьтерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялай әдістемелерін пайдалана отырып альянғаны анық аңгарылады.
		<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін інтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	Диссертацияның теориялық корытындылары мен ұсыныстарының ғылыми тұғыры, дәлелі, накты дереккөздер мен ой-тұжырымдарға сүйене отырып және далалық зерттеулерге негізделіп дойкетелген. Автордың өзіндік тұжырымдарын 200 респонденттен анкета түрдегі сауалнаманың інтижелерін және сарапшы-эксперт пен сұхбат берушілердің қозқарастарын сараптау арқылы дәйектейді

		<p><b>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінде расталған / расталмаган</b></p> <p><b>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	<p>Зерттеу жұмысында ізденуші тақырыптың түрлі қырларын пайымдаган отандық және шетелдік галымдардың сібектерін талдау негізінде маңызды мәлімдемелерге кол жеткізген. Бұл ізденістің әр тарауындағы іргелі гылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден айқын аңгарауды. Қолданылған барлық оқулыстар, гылыми кітаптар мен зерттеулер, макалалар сілтемесі расталған.</p> <p>Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Жұмыста 240 гылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық сібек тақырыпта котерілген мәселелерге арналған. Изденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толык негіздеген. Пайдаланылған әдебиеттер болашақтаңдағы 184 дереккоз ішіндегі сібектер мен тақырып бағытындағы ізденістер іргелілігі мен негізділігімен назар аудартады. Дегенмен автордың дінтанулық білім негіздері мен ерекшеліктеріне көзісты гылыми әдебиеттерді қолдануны жеткіліксіз деген пікір айтуға болады.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нағижендерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызын казіргі кезеңіндегі жалпы алемдегі, сондай-ақ, біздің еліміздегі діни өмірдің белсенділігінің артуымен, діндарлар мен діни қауымдар санының көбеюімен, жаһандану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлттық ахуалындағы дінтанулық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен дәйектеуге болады. Сонғы жылдардағы елімізде корініс тапқан діни экстремизм идеяларының таралуы және ланқестік оқиғалардың орын алуы қогамда діни білімдерге деген сұраныстың өсуімен және осы үдерістерге байыпты гылыми тұжырымдар мен шешімдер үсінуымен айқындалған.</p> <p>Диссертация жұмысының нағиженері дінтанулық бағыттарға зерттеулерге негіз болуымен бірге, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін, діни конфессиялардың толеранттылығы мен сұхбатын қалыптастыруға да өз үлесін косады. Диссертацияның нағиженерін діни үйымдар мен</p>

		азаматтық қоғамның баска да субъектілері іс жүзінде өз көдөлөріне жарата алады. Дәстүрлі дін мен діни дәстүрді теріске шыгаратын деструктивті ағымдарға қарсы акпараттық түсіндіру толттарының жұмыстарына колдануга болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін дінтану мен саясаттану бойынша арнайы курстарда, құқық корғау органдары мен дін басқармасы белгінің қызыметкерлері өз жұмыстарында колдануга болады	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Зерттеуде жасалған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Осы түргыдағы жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық дінтану гылыми үшін маңызы жогары. Осы себепті де бұл бағыттағы теориялық және практикалық базага жол ашуы, жаңа зерттеулер мен ізденістерге түрткі болатындыны түжірымымыздың дәйектілігін қуаттай түседі.	
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) томен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауга болады. Сауатты гылыми стиль, кисынды, дәйекті ой-түжірымдар ізденістің жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, гылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де аныктайды.

8D02204 – Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Орынбеков Нұрлан Амангазыұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің ролі: қазақстандық тәжірибе» атты диссертация жұмысы озекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды гылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен гылыми жұмыс таланттарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Орынбеков Нұрлан Амангазыұлы 8D02204 – Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайыкты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-түрік университеті, Әлеуметтік-гуманитарлық  
Фылымдар факультетінің деканы, филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор



С.У. Абжолов